

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған  
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ

Бекітемін  
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға  
арналған музыкалық мектеп-интернат»

Кешені» ММ-нің басшысы  
С.Қ. Сыздықов

2018 ж. « 14 » 09



**«Үрлемелі және соқпалы  
аспаптар» білім беру  
бағдарламасының сапасын  
қамтамасыз ету  
саясаты**

Павлодар 2018

**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ** жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ-де Павлодар облысында кәсіби музыкалық білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін бірізділік қағидаларынан құралған әрдеңгейлі модульдерден тұратын жұмыс жүйесі қолданылады.

**"Үрлемелі және соқпалы аспаптар" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешен Саясатымен сәйкес келеді, өз кезегінде білім беру саласындағы ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келетін Кешен саясатына сәйкес келеді,**  
сапаны қамтамасыз ету принциптерін қоса алғанда, білім беру мен оқытуға қатысты Кешеннің жалпы пайымын **қамтиды,**  
Білім беру саласындағы Кешен стратегиясына жәрдемдеседі және білім беру саласындағы күш-жігерге ықпал етуге, білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға **жәрдемдеседі.**

**«Үрлемелі және соқпалы аспаптар» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешеннің Бағдарына, Стратегиялық мақсаттары мен Миссияларына сәйкес келеді**

#### **Білім беру бағдарламасының бағдары**

Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейіне шығумен өңірде үрмелі мектепті қалыптастыруда оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық көрінісі бар жетекші білім беру бағдарламасы болу.

#### **Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты**

Үрмелі аспап музыкант тұлғасын тұтас көркемдік-эстетикалық дамыту, кәсіби білім беру стандарттарына сәйкес келетін музыкалық-орындаушылық тәжірибе процесінде сапалы кәсіби білім алу үшін қолайлы жағдай жасау.

#### **Білім беру бағдарламасының миссиясы**

Мәдениет және өнер саласында сұранысқа ие базалық және кәсіби құзыреттілікке ие, үрмелі және соқпалы аспаптарда білікті орындаушы-мамандарды, педагогтарды оқыту

#### **Құндылықтар**

Білім	Патриотизм
Руханият	Академиялық адалдық
Кәсіпқойлық	Инновациялылық
Бәсекеге қабілеттілік	Креативтілік

#### **Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету қағидалары**

1. Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттау жауапкершілігі білім беру бағдарламасының басшысына жүктеледі және оқытушылар мен студенттердің ынтымақтастығында орындалады.

2. Сапаны қамтамасыз ету саясаты білім беру бағдарламасын дамыту мен сапаны қамтамасыз етудің негізгі қатысушылары болып табылатын, барлық бөлімшелердің бар болғаны кезінде іске асады.

3. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібилігіне, диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыз ету өз мамандығы шеңберінде сапаны жүйелі және тұрақты қолдайды.

4. Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

5. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін саясатты түсіндіру, нақты міндеттерді енгізу, міндеттерді айқын бөле отырып барлық деңгейдегі үрдіске қатысушыларға тиісті рәсімдер мен ережелерді ілгері бастыру үрдісі жүзеге асырылады.

6. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік - барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

7. Білім беру бағдарламасының кадрлық құрамы, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибе, тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

### **Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары**

1. Мәдениет және өнер саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламасы қатысушыларын оқытуда бедел мен тұлғаны арттыру.

2. Көпсатылы музыкалық білімдерді: бастапқы, орта, кәсіби және оқытудың барлық сатысында білім беру бағдарламасын толық аспаптау жиынтығымен оқытушылардың жұмысын есепке ала отырып білім беру қызметін кеңейту.

3. Әрбір блок басқа блокқа қатысты кәсіби базалық және тәжірибелік болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін сабақтастық қағидаларынан құралатын білім беру бағдарламасының сапалы білім беру қызметін қамтамасыз ету (музыкалық мектеп – интернат, базалық балалар музыка тәжірибесі мектебі – музыка колледжі).

4. Әлеуметтік белсенділігіне және еңбек нарығындағы тұрақтылығына көмектесетін, мамандық шеңберінде үлкен кәсіби дағды мен біліктілік спектрін алу мүмкіндігімен студент тұлғасын толық ашуға көмектесетін мәдени-шығармашыл, тәрбиелі ортаны жасау құралы ретінде үрлемелі музыкантты қалыптастыруда оқу үдерісін инновациялық ұйымдастыруда озат білім беру бағдарламасы болу.

5. Әртүрлі білім беру түрлері мен деңгейлердегі мекемелермен, білім беру қызметінің жұмыс берушілерімен немесе басқа да тұтынушылармен өзара тиімді қатынастар жасау арқылы білім беру нарығында серіктестік қатынастарды нығайту.

6. Оқытушылардың оқытудың классикалық қағидаларын сақтауға бағытталған әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын дамыту, үрлемелі және соқпалы аспаптарда ойнауды оқытудың өзіндік білім беру жүйесін жасау, музыкалық білім беру саласында облыс немесе оның шекарасынан асып тәжірибесін тарататын және жалпылайтын педагогтардың кәсіби-тұлғалық өзін-өзі жетілдірудің жаңа түрлерін іздеу.

7. Білім беру бағдарламасының негізгі бағыттарын ақпараттандыру, цифрлеу, сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыруға кепілдік беретін материалдық-техникалық базаны дамыту.

8. Әртүрлі бағыттағы және Қазақстандағы жанрларды шетел, орыс үрлемелі музыканы, Қазақстан және жақын не алыс шетел елдеріндегі сазгерлердің музыкасын оқуға және насихаттауға бағытталған білім беру бағдарламасы қатысушыларының белсенді концерттік – орындаушылық, конкурстық қызметі.

**Білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойнына алады:**

- осы саясатты барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
  - саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
  - оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;
  - білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Үрлемелі және соқпалы аспаптар»  
бөлімінің отырысында қаралды  
2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама